

АЙҚЫН

КСРО-ДА МИЛЛИОНЕРЛЕР БОЛДЫ МА?



Көптің ұғымында, кеңестік заманда салыстырмалы түрде жұрттың бәрі тең тұрды деген пікір қалыптасқан. Сталиннің тұсында халықтың теңдей тұрғанын ешкім теріс дей алмас. Тарихшылар КСРО-да көлеңкелі экономика 70-жылдардан басталды деп жүр. Сол шамасы, рас та болу керек. Дегенмен Сталиннің тұсында да миллионерлер болған. Миллионер болмаса, күш атасы – Қажымұқан атамыз соғысқа өз атынан ұшақ жасату үшін генсекке бір қап ақшаны қалай аударсын. Әрине, балуан атамыз ол ақшаны жер-жерде өнерін көрсетіп, қарапайым халықтан мақсатты түрде жинағаны белгілі. Жалғыз Қажекең емес, қазақта өз ақшасына ұшақ жасатқан колхоз төрағалары болған. Колхозшылар, кеншілер мен балықшылар өздерінің мандай терімен тапқан ақшаларын буып-түйіп, Қызыл армияға ұшақ, танк сатып алу үшін жөнелткен. Кеңес азаматтары Қызыл армияға соғыс жылдары 145 миллиард сом аударса, соның тең жартысын жеке адамдар аударған екен. Көрдіңіз бе? Ол кезде мұншама ақшаны қайдан таптың дейтін қатаң

тексеріс болған. Қанша тексерсе де, ол заманның еңбекшілеріне бәрі тек қана ақ адал еңбекпен келгенін ешкім жоққа шығара алмаған.

Дегенмен қай заманда да болатын айлакерлер Сталиннің өзін сан соқтырып отырыпты. Сол Сталиннің тұсында Николай Павленко деген әскери адам өзінің әскери күзеті бар құрылыс «империясын» құрып, жасырын бизнесін жүргізген екен. Обалы не керек, тапсырыс берген одақтас республикалармен келісім жүргізіп, ешкім мін таға алмайтын тыңғылықты құрылыс жүргізіпті. Соған сай үлкен ақша да алып отырған. 1952 жылы жүргізілген операция барысында Павленкомен қоса, 400 адам тұтқындалған. Полковник Павленконың пәтерін тексергенде, бірнеше шабаданға салынған жалпы көлемі 34 миллион сомның ақшасы шыққан. 1955 жылы Павленко ату жазасына кесіліп, үкім орындалған. Қалған 16 адам 20 жылға дейінгі мерзімге сотталған.

Жұрт репрессияны Сталин басқарған жылдармен байланыстырып, Хрущевтің кезінде жылымық орнады, басқаша дәуір келді деседі. Жылымық орнағаны рас-ау. Сол жылымықты пайдаланған қара халық Хрущевтің әлеуметтік-экономикалық саясатына қарсы шығып, Черкасск, Краснодар, өзіміздің Теміртау қалаларында көтеріліс жасап, оларға қарсы оқ та атылған. Сол Хрущевтің кезінде мемлекет мүлкін аса ірі көлемде жымқырғаны және жалған ақша жасағаны үшін ату жазасына кесетін жарлық шыққан. Жарлыққа іліккендер қатарына 1962 жылы Қырғызстанда орын алған «тоқымашылар ісін» жатқызуға болады. Осы іске қатысты тоқыма фабрикасынан сол кезде 150 адам сотқа тартылған. 21 адам ату жазасына іліккен. Сол 21-дің 14-і атылып, қалған жетеуі Ұлы Отан соғысының ардагері болған соң ғана атылудан аман қалып, әрқайсысы он бес жылдан арқалаған. Бір қызығы, «тоқымашылар ісіне» қатысты ұйымдасқан қылмыскерлердің бәрі еврей ұлтынан шыққан көрінеді. Бұл оқиға сол кезде шет елдерде «антисемитизм» ретінде бағаланып, шу шыққан.

Бертінде Өзбекстанда жоғарыдағы «тоқымашылар ісіне» ұқсас орын алған «мақташылар ісіне» лас саясат араласқаны кейіннен мәлім болды. Бұл да – өз түбіне өзі жеткен КСРО-ның адам ұялатын беттері.

Сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарда жасырын цех құру арқылы көлденең табыспен байыған Ройфман мен Шакерман дегендер өзінен жоғарыдағыларды парамен сатып алу арқылы үлкен қылмыстық топ құрған екен. Іздестірген кезде олардан он келі сары алтын табылыпты. Сот шешімімен 1961 жылы Ройфман мен Шакерман ату жазасына кесіліпті.

Брежневтің заманында да аса ірі байлардың болғаны анық. Бірақ ол байлықты ұқсатып жұмсайтындай мүмкіндік болмады. Сондықтан ақшасын алтынға айналдырып, оны жер астына көміп тастаудан басқа амал жоқ еді. Бұл өзі күлдіргі әңгімеге ұқсаса да, кезінде Нобель сыйлығының лауреаты Михаил Шолоховтың үйінің айналасын қазып, алтын іздестірген деген сөз шыққан. Бай болса да, ол заманда оны ешкім жарқыратып жұртқа көрсете алмайтыны анық еді. Тығылып ішпесе де, жұрт тығылып киінетін. Импорт тауарлар арзан болса да, қара халықтың қолы жетпейтін қат болатын. КСРО-ның ресми түрде тұңғыш миллионері ретінде Артем Тарасовтың аты аталады. Ол былтыр 70-ке қараған шағында өмірден өтті. Тарасов – сексенінші жылдардың аяғында КСРО-да ең алғашқылардың бірі болып кооператив жүйесін құрған адам. Кеңес Одағының алғашқы миллионері болып ресми түрде тіркелген. 1990 жылдың басынан бастап ол өзінің «Техника» деп аталатын кооперативінен басшы ретінде 3 миллион рубль жалақы алып отырыпты. Сол кезде орташа айлық жалақы 263 рубльді құрағанын, ал Тарасовтың айына 3 миллион рубль алып отырғанын ескерсек, оның табысының қайдан тасқындағанын шамалайсыз. Сөйткен Тарасов 1991 жылы Лондонға көшіп кетіп, 2003 жылы қайтадан Ресейге оралып, жеке компаниясын ашқан болатын. Әрине, ол сәт Тарасовты он орап алатын байлардың қаулап кеткен кезі.

Кеңес заманындағы байларды қазіргі байлармен салыстырудың өзі күлкілі. Кеңес заманында байлары көп ел деп Грузия аталатын. Соған сай бір күлкілі әңгіме бар. Бір грузин «Запорожецпен» келе жатса, «Волга» мінген грузиндер тоқтатып, «неге грузинді

қорлайсың?» дейтін көрінеді. Сөйтсе, «запорожец» мінген грузин: «қазір ғана түрмеден шығып, үйіме келе жатқан бетім еді» десе керек.

Қазір сол Грузияға ешкім қызықпайды.

Кеңес Одағында көлеңкелі сауда-саттық жүйесі «қарабазар» деп аталды. 1970 жылдары тұтыну тауарларының 30 пайызы қарабазар арқылы өткен көрінеді. 1986 жылы КСРО-да көлеңкелі экономика айналымы 10 миллиард сомға жеткені генсек Горбачевтің аузымен тұңғыш рет айтылған.

Әрине, Кеңес заманында шығармашылық адамдары: белгілі жазушылар, артистер, дәрігерлер, заңгерлер ауқатты тұрғаны мәлім. Олардың астында міндетті түрде көлігі мен жақсы жерде саяжайы болғанмен, қазіргі байлардай Кипр мен Лазур жағалауында демалуды армандай да алмайтын.

Қазіргі спортсмендердің жалақысымен салыстырғанда күлкілі көрінгенмен, КСРО заманына сай футболшылар мен хоккейшілердің айлығы қомақтылау болыпты. Қомақты болғанда 250-300 сом болған. Әрине, оларға түрлі жеңілдіктер қосылғаны белгілі. Әйтпесе ондай айлықты қарапайым мектеп мұғалімдері де алып отырған. Шахтерлер айына 450-ден 1000 сомға дейін тапқан.

Сталин қайтыс болғанда, оның жинақ кітапшасынан аз да, көп те емес 31 мың рубль табылыпты деседі. Ал Брежнев жарықтық айына 1,5 мың сом жалақы алып отырыпты. Атақты шахматшы Анатолий Карпов бір сұхбатында өзінің КСРО кезінде жасырын миллионер болғанын мойындапты.

КСРО-ның супержұлдыздары Юрий Антонов пен Раймонд Паулс айына 15 мың сом қаламақы, «День Победы» әнінің авторлары Давид Тухманов пен Владимир Харитонов әр 9-мамыр келген сайын бір көлікке татитын қаламақы алып отырыпты. Өне, ақша кімдерде болған! Ал біз композитор Шәмші Қалдаяқовты өмір бойына жұмыс істемеді дейміз.

Жазушылардың сол заманда жақсы қаламақы алғанына дәлел болатын кітап қолымызға тиді.

Ол – ұзақ жылдар ішкі істер саласында жемісті еңбек еткен Илияс Қындыбайұлы жайындағы «Арыма адалдығым серік болды» деп аталатын жинақ. Бұл жинақтағы автордың көзі тірісінде қағазға түсірілген дүниелерінің ішінен бір қызық дерекке тап болдық. 1985 жылы «Жазушы» баспасының үстінен арыз түсіп, арызда көрсетілген фактілерді тексерген осы полковник шеніндегі кісі екен.

Әлгі қызық деректі сөзбе-сөз келтірсек, былай: «Сағи Жиенбаевтың тек «Жазушы» баспасынан шыққан екі кітабы үшін алған қаламақысы 45 000 сом болса, қалған баспалардан алған ақшасы 46 000 сом көлемінде болды, ал Қайрат Жұмағалиевтің барлық алған ақшасы 79 000 сомға жетті. Екеуінің де «Жазушы» мен «Жалын» баспаларынан шыққан кітаптарындағы өлеңдердің көбі бірін-бірі қайталаса да, олардың аттарын өзгертіп, жаңа туынды ретінде кіргізіп, қаламақыны әр жолына 1 сом 75 тиыннан қойып отырған (ең жоғарысы 2 сомнан). Әрбір басылған кітаптарының таралым санын 7 мың данадан арнайы 10 мың данаға жеткізіп, әр жолына 3 сом 50 тиыннан қойып отырған». Сол кездегі тергеу фактілері осылай дейді. Тексеріс қорытындысы жоғары жаққа жетіп, баспа басшысы Әбілмәжін Жұмабаев пен аталған екі ақынды жұмыстан шығарыпты. Бұл күнде үшеуі да марқұм (қара жер хабар бермесін). Ал олардан үлкен жазушылардың, мемлекеттік сыйлық иегерлерінің алған қаламақысын тексеруге құзіретті органның да құдіреті жетпепті. Міне, сол кездегі жазушылардың беделі қандай болған! Өлеуметтік жағдайы онсыз да түсінікті. Бұл дерек жазғанына қаламақы тұрмақ қара бақыр да алмайтын бүгінгінің қаламгерлерінің түсіне де кірмесі анық.

Сонымен, КСРО-да миллионер болған жоқ дегеніміз – қып-қызыл өтірік екен. Сөйтсек, бәрі жасырын болғандықтан, миллионерлер де жасырулы болған екен ғой.

Төреғали ТӘШЕН